

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені
Мамандығы: Құқыққорғау қызметі
Шифр: 5B030300

Пән: ҚР конституциялық құқығы

3. СӨЖ арналған тапсырмалар, оларды орындау кестесі, оларға әдістемелік нұсқаулар.

СӨЖ арналған тапсырмалар және оларды орындау кестесі

№	СӨЖ тапсырмалары	СӨЖ орындау нысаны	СӨЖ тапсыру мерзімдері
1	«ҚР Конституциясының дамуының негізгі кезеңдері» (жеке-бағдарланған)»	конспект, ауызша қорғау	5-6 апта
2	«Қазақстан Республикасындағы шет елдіктердің құқықтық жағдайы» (жобалы-ұйымдастырылған)	ауызша	7 апта
3	«Қазақстан Республикасының саяси жүйесі» (жеке бағдарланған)	ауызша	11-12 апта
4	«ҚР-дағы сайлау процесі, оның сатылары» (жобалы-ұйымдастырылған)	кесте толтыру, ауызша қорғау	13-15 апта

СӨЖ орындау (тапсыру) бойынша әдістемелік нұсқаулар.

1 СӨЖ - «ҚР конституциясының дамуының негізгі кезеңдері» (жеке-бағдарланған)».

Ұсыныс: 1-ші СӨЖ реферат түрінде орындалады. Реферат үш бөлімнен тұрады: кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды. Реферат жазу барысында мына сұрақтар қамтылуы керек:

- 1978 жылғы Қаз ССР Конституциясын, оның жетістіктері мен кемшіліктерін талдау.
- 1993 жылғы ҚР Конституциясын қабылдаудың алғышарттары мен себептері, оның мазмұны. Осы Конституцияның негізгі жаңалықтары, кемшіліктері
- 1995 жылғы ҚР Конституциясын қабылдаудың алғышарттары мен себептері.
- 1995 жылғы ҚР Конституциясының негізгі идеялары, оның жаңалықтары.
- ҚР Конституциясына 07.10.1998 ж., 21.05.2007 ж., 02.02.2011ж., 10.03.2017 ж. заңмен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар.

Берілген сұрақтар жұмыстың негізгі бөлімінде ашылып, қарастырылады. Қорытынды бөлімде ҚР Конституциясының қоғам мен мемлекет дамуындағы рөліне қатысты студенттің көзқарасы тұжырымдалып, Конституцияның әлеуетін одан әрі пайдалану жөніндегі шаралар қарастырылуы қажет

№1 СӨЖ бойынша қарастырылатын ең жоғары балл – 25 балл.

Жұмысты бағалау негіздері болып табылады:

- тақырыптың толық ашылуы;
- материалдардың терең зерттелуі;
- қорытындының негізделген болуы;
- жазу тілінің түсінікті, анық болуы.

2 СӨЖ - «Қазақстан Республикасындағы шет елдіктердің құқықтық жағдайы» (жобалы-ұйымдастырылған)

Ұсыныс: СӨЖ ауызша нысанда тапсырылады. СӨЖ тапсыруда ҚР-ғы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайын саралап, олардың мәртебесінің құқықтық реттелуіне салыстырмалы талдау жасау, шетел азаматтарының Қазақстанға келуі және кетуі ерекшеліктерін және шетел азаматтарын жауаптылыққа тарту өзгешелігін ашу, көрсету керек. Ол үшін келесі әдебиеттерді, нормативтік актілерді оқу қажет:

